

FAWORI ЖОҒАРЫ ЖЫЛТЫР АЛКИДТІ ЭМАЛІ

ӨНІМНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Тұрақты жоғары жылтырлығы, тамаша жабу қабілеті және жабысқақтығы бар модификацияланған алкидті шайыр негізіндегі жылтыр синтетикалық әрлеу бояуы.

СИПАТТАМАЛАРЫ

Жылтыр көрініске ие және бетке біркелкі жағылып, жақсы жабады. Оның бетінде ағын іздері немесе қылшақ пен білікшенің іздері қалмайды.

ЖАҒЫЛАТЫН БЕТТЕР

Ішкі және сыртқы ағаш пен металл панельдерге, бетонға, сылаққа, бетон мен гипс тақталарға, БЖТ және АТТ панельдеріне, сондай-ақ тиісті төсемелермен өңделген жиһазға қолданылады.

ҚОЛДАНЫЛУЫ

Боялатын беті тегіс, берік және төсеме мен соңғы қабатты жағуға жақсы дайындалған болуы керек. Оны ластанудан, шаңнан, қатты майланудан, қабыршақтанған бояудан тазартып, барлық кемшіліктерді жою қажет. Цементтің, бетон қоспасының және жаңадан сыланған беттердің қатаю мерзімдерін (28 күн) сақтау қажет. Бұрын су негізді бояумен боялған беттерге төсемені жағар алдында оларды ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен тазалаңыз.

Ағаш рет боялатын ағаш беттер: Бұтақтарды кесіп алып, шайырдан целлюлозалы еріткішпен тазартыңыз. Ағашқа арналған қорғаныс ерітіндісімен өңдеңіз. Бұл ағаштың беріктігін төмендетіп, түсін өзгертетін көкшіл зеңнің пайда болуының алдын алуға көмектеседі. Бір қабат Fawori синтетикалық төсемесімен өңдеңіз. Бетін ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен тазалап, жоғарғы қабат ретінде Fawori жылтыр синтетикалық бояуын жағыңыз. Күннен күйген немесе ластанған бұрын боялған беттер: Бетін ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен тазалаңыз. Пастамен өңделіп, тегістелген бетті Fawori синтетикалық төсемесімен өңдеңіз. Содан кейін екі қабат Fawori жылтыр синтетикалық бояуын жағыңыз.

Қаңылтыр және болаттан жасалған металл беттер: Бетіндегі майды, тот пен ластануды тазалаңыз. Бетті екі қабат Fawori жемірілуге қарсы синтетикалық төсеменімен өңдеңіз. Төселген бетті ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен тегістеп, Fawori жылтыр синтетикалық бояуын жағыңыз.

Күннен оңып кеткен, бұрын боялған металл беттер: Тотығу қабатын ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен тазалаңыз. Егер жемірілу белгілері болмаса, бетті Fawori синтетикалық төсемесімен өңдеңіз, содан кейін оны қайтадан ұсақ түйіршікті егеуқұм қағазымен тегістеп, Fawori жылтыр синтетикалық бояуын жағыңыз.

Төсемені жағу кезінде және толық кебуіне дейін қоршаған орта мен бет температурасының +5°C-тан +30°C аралығында болуын қадағалаңыз, сондай-ақ беттерді қатудан қорғаңыз. Жағу үшін қылшақ, білікше немесе бояу бүріккішті қолданыңыз. Қабаттарды білікше немесе қылшақпен 24 сағаттық үзіліспен екі рет жағыңыз. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолданылған құралдарды бірден Fawori синтетикалық еріткішімен жуыңыз.

Біздің өнімдер жалпы құрылыс стандарттарына сәйкес салынған ғимараттарда қолданылуы тиіс (30.06.2007 жылғы №26568 құрылыс нормалары – General Construction Specifications No. 26568). Қолдану әдістері, денсаулыққа ықтимал әсерлері, қауіпсіздік техникасы және сақтық шаралары туралы толық ақпаратты MSDS және TDS нысандарынан www.fawori.com.tr сайтында таба аласыз.

Ауасыз шашыраутды қолданған кезде:

Қысым	: 120-140 бар
Шүмектің көлбеулену бұрышы	: 50°C
Шүмектің өлшемі (дюймдер)	: 0.013"
Сұйылту	: 10% (көлемнен)

СҰЙЫЛТУ

Faworі жылтыр синтетикалық бояуын қылшақ немесе білікшемен жағуға қажетті консистенцияға жету үшін, 10% көлемінде Faworі синтетикалық еріткішімен сұйылту қажет. Егер қажетті қабат қалыңдығы қамтамасыз етілсе, бояуды бояу бүріккішімен бір қабат етіп жағуға болады, бұл ретте 10% Faworі синтетикалық еріткішімен сұйылту талап етіледі. Айта кету керек, басқа маркалы еріткіштерді қолданған кезде бетінің ісінуі, шөгуі, жарылуы және кеуіп кетуіне қатысты мәселелер туындауы мүмкін.

КЕПТІРУ УАҚЫТЫ (20°С температурада және 65% салыстырмалы ылғалдылықта)

Қол тиюге кебу уақыты	: 3-4сағат
Толық қату уақыты	: 12 сағат
Бір қабатты жағу	: 6-8 сағат
Соңғы кептіру уақыты	: 24 сағат

(кептіру уақыты салыстырмалы ылғалдылықтың жоғарылауымен және температураның төмендеуімен ұзаруы мүмкін).

Ескерту: Ең жоғары сапалы жабын - уақыт аралықтарын сақтау және дұрыс төсеу арқылы қамтамасыз етіледі.

МАТЕРИАЛ ШЫҒЫНЫ

16-20 м²/л бір қабат үшін, жұмыс бетінің түріне, сіңіргіштік қабілетіне және құрылымына байланысты өзгереді. Дәл шығынды есептеу үшін бақылаулы сынақ жағуын жүргізу ұсынылады.

Тұтану нүктесі:

36°С

САҚТАУ ШАРТТАРЫ:

Қаптаманы жабық күйде салқын, құрғақ жерде сақтау қажет. Тікелей күн сәулесі мен төмен температураның әсерінен қорғау керек. Қаптамадағы бояу қалдықтарын сақтау үшін оның бетіне аз мөлшерде еріткіш құйып, толық жабылуын қамтамасыз етіңіз. Қақпақты мықтап жабу алдында оны 1-2 рет 180° бұраңыз.

ҚАПТАМА

15 л, 7,5 л, *3,75 л, 2,5 л, 0,75 л, 0,25 л

* (3,75 литрлік қаптама тек ақ түсті бояу үшін қолжетімді).



TS 39 талаптарына сәйкес, 1-тип.

G

G стандарттар жинағының талаптарына сәйкес келеді

Позиция №:

Y.25.001/01, Y.25.001/02, Y.25.002/02, Y.25.003/10, Y.25.003/29, Y.25.003/30

Санат №:

04.551/07

Осы техникалық паспорт қалыпты жағдайларда жүргізілген зертханалық зерттеулердің деректері негізінде дайындалды. Жоғарыда көрсетілмеген қосымша ақпарат алу үшін техникалық персоналмен байланысуыңызды сұраймыз. Басқа жағдайда, өндіруші компания жеткіліксіз ақпарат алу нәтижесінде туындаған ақаулар үшін жауапкершілік алмайды. Біздің компания ұсынылған ақпаратта өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бұл өнім TS EN ISO 9001, TS EN ISO 14001, TS 18001, TS EN ISO 50001, TS ISO 10002 стандарттарына сәйкестік сертификаттары бар Betek A.Ş. компаниясымен өндірілген.

2-басылым, Қазан 2014

"BETEK BOYA VE KİMYA SAN. A.Ş." Акционерлік қоғамы

Бас кеңсе: Зумрутевлер ауданы, Урал көшесі №38 34852 Малтепе ауданы – СТАМБУЛ қ.

Тел.: (0216) 571 11 00 Факс: +90 (216) 571 13 15 – Орталық тіркеу жүйесіндегі нөмір: 0167001238900018 - www.fawori.com

